

4-апта . «Нұр төккен, гүл көктем»				
Денсаулық Дене шынықтыру	Коммуникация Сөйлеуді дамыту Орыс тілі	Таным Қарағайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Жаратылыстану	Шығармашылық Сурет салу Музыка Мүсіндеу	Әлеумет Экология негіздері
Дене шынықтыру 1.«Жүгіру. Секіру.» Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа кайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау.Қос аяқпен аяқтарды қосып қойып секіру.	Сөйлеуді дамыту «Көктем келді.» Көктемгі табиғат құбылыстары, адамдардың еңбектері, киімдері туралы әңгімелесу, сөздік қорды антонимдермен толықтыру, заттарды ерекше және жалпы белгілері бойынша топтастыруға сәйкес шағын тақырыпқа жаттату.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Заттарды салыстыру.» Ұзындығы, биіктігі, ені бойынша әртүрлі заттарды салыстыруды жетілдіру.	Сурет салу «Көктем ағашы гүлдеді.» Қылқаламмен және бояумен сурет салуды жетілдіру, көктемгі ағаштың суретін салуды үйрету.	Экология негіздері «Көктемгі гүлдер, ағаштар.» Көктем мезгіліндегі ауа-райын бақылау және анықтау, ағаштарды, дала гүлдерін, кейбір көкөністер мен жемістерді, бөлме өсімдіктерін. өсімдіктердің бөліктері туралы түсініктерін кеңейту.
Дене шынықтыру 1. «Сапқа тұру.Өрмелеу.» Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа кайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Қос аяқпен аяқтарды қосып қойып секіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу.	Русский язык «Весна.» Развивать артикуляционный аппарат, формировать навыки понимания и согласования слов в словосочетаниях, правильно ставить ударение в словах при произношении	Жаратылыстану «Көктемгі табиғат» Көктемгі ерекшеліктерін ауа райындағы, адамдардың киіміндегі қарапайым өзгерістерді бақылау	Музыка «Наурыз-көктем.» («Марш» М.Раухверге.«Кімнің жүргіргісі келеді?» (Л.Вишкарева). «Көктем» әнінің (муз: К.Куатбаев, сөзі: А.Асылбек) «Гүлдермен би» (Г.Вилькорейская) Наурыз туралы ән тыңдау, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратуды үйрету, таныс би кимылдарын қайталау.	
Дене шынықтыру 1. «Жүгіру. Секіру» Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа кайта тұру және баяу қарқында (50-60сек) жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. Қос аяқпен аяқтарды алшақ қойып секіру.			Аппликация «Әжеме арналан түрлі түсті моншақтар.»Қағаздың мыжылу, жыртылу қасиеттері туралы түсініктерін жетілдіру, дайын ою элементтерін қағаз бетіне симметриялы орналастыруды үйрету.	